

Баспасөз хабарламасы

Астана қ., 10 сәуір 2025 жыл

2025 жылғы 1 мамырдан бастап Ресей мұнайын Қазақстан Республикасының аумағы арқылы Қытай Халық Республикасына тасымалдау құнын қайта бөлу жөніндегі өзгерістер күшіне енеді

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің бұйрығына сәйкес 2025 жылғы 1 мамырдан бастап Ресей мұнайын Қазақстан Республикасының аумағы арқылы Қытай Халық Республикасына төмендегі маршрут бойынша тасымалдау құны қайта бөлінетіні туралы өзгерістер күшіне енеді: Ресей Федерациясының шекарасы - Қазақстан Республикасының шекарасы (Ертіс өңірі) - Атасу (Қазақстан Республикасы) - Алашанькоу (Қытай Халық Республикасы).

Тасымалдау құны келесіні құрайды:

- «Ресей Федерациясының шекарасы – Қазақстан Республикасының шекарасы (Ертіс өңірі) – Атасу (Қазақстан Республикасы)» учаскесінде, мұнайды «Атасу» БМАС-қа ауыстырып тиеуді қоса алғанда - ҚҚС-ты есептемегенде 1 тонна үшін 7,24 АҚШ доллары;
- «Атасу (Қазақстан Республикасы) – Алашанькоу (Қытай Халық Республикасы)» учаскесінде - ҚҚС-ты есептемегенде 1 тонна үшін 7,76 АҚШ доллары.

Қазіргі уақытта құнды қайта бөлу келесі мәндерді білдіреді:

- «Ресей Федерациясының шекарасы – Қазақстан Республикасының шекарасы (Ертіс өңірі) – Атасу (Қазақстан Республикасы)» учаскесінде, мұнайды «Атасу» БМАС-қа ауыстырып тиеуді қоса алғанда - ҚҚС-ты есептемегенде 1 тонна үшін 4,23 АҚШ доллары;
- «Атасу (Қазақстан Республикасы) – Алашанькоу (Қытай Халық Республикасы)» учаскесінде - ҚҚС-ты есептемегенде 1 тонна үшін 10,77 АҚШ доллары.

**«ҚазТрансОйл» АҚ
Инвесторлармен байланыс тобы**